

из Украины и Ставрополя в 1960 годы были переданы в УВД тех местностей, откуда люди выселялись.

Высоким уровнем информативности в делопроизводственной документации занимают документы распорядительного характера: Постановления СНК СССР и Каз ССР, директивы и указания МВД СССР и Каз ССР, директивы и указания ГУЛАГа СССР, руководящие указания МВД СССР и МВД Каз ССР 4-го спецотдела по работе отдела «П» УМВД, директивы Генерального прокурора СССР и т.д.

В фондах Государственного архива Алма-Атинской области имеются разнообразные по своему составу документы по депортации поляков: Постановления СНК СССР и Каз ССР об оказании дополнительной материальной помощи польским гражданам, депортированным из западных областей Украины и Белоруссии, директивные указания заместителя председателя облисполкома о проведении мероприятий по улучшению материально-бытового устройства семей польской армии в СССР, реестр польских граждан, докладная записка о незаконном использовании благотворительного груза, поступившего для польских граждан, инструкции по репатриации польских граждан из СССР в Польшу.

Ученым республики предстоит ещё большая работа по проведению исследований проблем депортационной политики советского государства на региональном уровне. Историография истории депортации поляков в период сталинизма может и должна быть дополнена в результате исследования имеющихся источников по таким неизученным вопросам как осуществление надзора за спецпереселенцами, их хозяйственно-бытового обустройства и медицинского обслуживания, реабилитации и репатриации.

Список литературы

1. Национальный состав населения Республики Казахстан. – Том 4. Часть 2. – Население Республики Казахстан по национальностям и уровню образования. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан./ Статистический сборник. Алматы, 2000. – 323с.
2. М. Гавенцки Поляки в этнической структуре Казахстана. Прошлое, настоящее и будущее. www.omsu.omskreg.ru
3. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. т.81, СПб: Слово, 1904.
4. Всесоюзная перепись населения 1939 года. Основные итоги. – М.: Наука, 1992. – 302 с.
5. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.) Сборник документов. – Алматы: ТОО «Издательский дом «Казахстан», 2000. – 344 с.
6. Государственный архив Карагандинской области (ГАКО) Ф.239. Оп.1.Д.6, 11, 60.

ҚАЗАҚ ТАРИХНАМАСЫНДА МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК МЕТОДОЛОГИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Аманжол Кузембайұлы

доктор исторических наук, профессор

Сымбат Демесінова

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Қазақстанда Кеңес үкіметі орнай сала бұрынғы қазақ жеріндегі ғылыми мекемелер қайта құрыла бастады. Гуманитарлы бағыттағы ғылыми мекемелердің негізгі мақсаты елде социалистік сананы қалыптастыру болды. Ол үшін осыған дейінгі буржуазиялық концепцияларға, идеяларға ғылыми тұжырымдарға соққы беретін кадрлар және ғылыми мекемелер қалыптастыру қажет еді.

Осылардың алғашқысы болып 1920 жылы 5 қазанда ұйымдастырылған Қазақстанды Зерттеу Қоғамы (1920-1925) – қоғамдық-ғылыми мекеме ретінде қызметіне кірісті. Алдымен тарих-археология, этнография және жаратылыстану-география, кейін экономика, агрономия бөлімдері жұмыс істей бастады [1].

Осы жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі мен Алматыдағы Жетісу бөлімдері қалпына келтірілді. Бұдан кейін Қазақстанды зерттеу қоғамының бөлімдері Орал, Петропавл, Көкшетау қалаларында ұйымдастырылды.

1921 жылы 7 ақпандағы Қазақ Кеңестік социалистік республикасы Орталық Атқару Комитетінің декреті бойынша Қазақстандағы барлық ғылыми қоғамдар Халыққағарту комиссариатының ғылыми бөліміне бағындырылды [2]. 1922 жылы жазда қоғам мүшелері комиссариаттың Академиялық Орталық алқасы мен Орталық өлкелік мұражай кеңесіне қосылды.

Қазақстанды зерттеу қоғамы облыстық және губерниялық партия комитеттері жанындағы партия тарихы мекемелерімен бірігіп, қазақ халқының тарихын және этнографиясын жаңа маркстік тұрғыда зерттей бастады.

1921 жылы Архив бас басқармасы құрылып, тарихи деректерді жинау, өңдеу және ғылыми айналымға кіргізу мәселелерімен айналысып кетті [3]. Сол жылы «Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының еңбектері» атты жинақтың алғашқы, келесі жылы екінші басылымы жарық көрді.

Осы жылдары алғашқы кеңес этнографы А.А.Четыркин, көптеген қазақ әндерін, ертегі, жұмбақтарын, ұлттық ою-өрнек үлгілері суреттерін, ұлттық киім мен тұрмыстық заттарды мұражайға тапсырды.

Қоғам мүшелері 1923 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне, 1924 жылы қазақ халқы қолөнерінің бұйымдарын Парижде өткен Бүкіл-әлемдік этнографиялық көрмеге апарды.

Қазақстан зерттеу қоғамы халық ағарту жұмыстарына да белсене ат салысты. Әсіресе мектеп істерін ұйымдастыру, қазақ тілінде оқулықтар жазу, әдістемелік құралдар әзірлеу, археологиялық карта жасау сияқты жұмыстарды тиімді жүргізді.

Қоғамның «Труды» деп аталатын ғылыми еңбектер жинағында Орынбор өлкесіндегі, Оралдағы, Еділ бойындағы, Қазақстандағы ұлттық қозғалыстар туралы мақалалар мен монографиялар, зерттеулер жарияланды.

А.А.Диваев пен А.Л.Мелков, А.В.Затаевич жинастырған қазақ ауыз әдебиеті мен халықтық музыка үлгілері жарыққа шықты [4]. Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің жұмысына болашақ қазақтың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезов және алғашқы қазақ кәсіби театр режиссеры Жұмат Шанин өз үлестерін қосты.

Алғашқылардың бірі болып өлкетану жұмыстарына белсене араласқан ағайынды В.Н. және А.Н.Белослюдовтарды айтпай кетуге болмайды [5]. Қоғам мүшелері Ресей кеңестік социалистік республикасының Жер халық комиссариаты мен Қазақ кеңестік социалистік республикасы Жер халық комиссариатының ұйымдастырған экспедицияларына белсене қатынасты.

Мектептер мен техникумдарда өлкетану үйірмелерін құрды. Зерттеу нәтижелері Қоғам шығарып тұратын «Записки» деп аталатын ғылыми еңбектер жинағына жарияланып отырды.

1932 жылы 8 наурызда республикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды жақсартып, үйлестіру үшін КСРО ҒА-ның Қазақстандық базасы құрылды [6].

Алғашқы қоғамдық проблемаларды арнайы зерттейтін ғылыми мекемелердің бірі Қазақ Ұлттық Мәдениеті Ғылыми-Зерттеу Институты 1933 жылы 10 қарашада Қазақ Орталық атқару комитетінің Ғылым комитеті жанында құрылды [7].

Бастапқыда институттың құрамына Қазақтың Орталық архиві, өлкелік мұражай, мемлекеттік кітапхана, өлкетану бюросы, педагогикалық зертханалық институты, Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкерлері біріктірілді.

Институтта тарихи-археологиялық, әдебиет және фольклор, тіл қатынастарын зерттеу, бейнелеу өнері және музыкалық-театр – хореографиялық секторлары жұмыс істеді. Институт тарихшылары Жетісудынархеологиялықескерткіш-терінзерттеп, Қазақстан тарихы бойынша деректерді жоспарлы түрде жинауға кірісті.

1934-1935 жылы институт ғалымдары қазақтың батырлар эпосының 100-ден астам нұсқасын, 230 ертегі, 4500 мақал-мәтел, т.б. халық шығармаларының үлгілерін жинап, баспаға әзірледі. Абайтану ісі қолға алынды. Арнаулы комиссия “Қазақтілінің академиялық сөздігін” жасаумен шұғылданды. Бейнелеу секторы қазақтың 300-ден астам ұлттық көрнектерінің түрлерін жинап, зерттеуге кірісті.

1935 жылы 15 қыркүйекте институтқа Қазақстанның Ұлттық көркемсурет галереясын ұйымдастыру жұмысы жүктелді. Осы жылдары институтта “Труды”, “Прошлое Казахстана в источниках и материалах» атты жинақ және бірнеше әдеби шығармалар жарық көрді.

1936 жылы 25 тамызда КСРО ҒА Қазақстандық базасының тарих, қазақ тілі мен әдебиеті секторларына айналдырылды. Ұлттық мәдениет институтымен осы секторлардың негізінде кейін тіл және әдебиет институты (1942) (бүгінгі ҰҒА-ның А.Байтұрсынов атындағы тілтану және М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институттары), тарих, археология және этнография институты (1945) (бүгінгі ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнологиялық, Ә.Марғұлан атындағы археологиялық институттары) құрылды.

Дегенмен жоғардағы ғылыми мекемелер жаңа социалистік идеологияны пәрменді насихаттауға дәрменсіз болып шықты. Сондықтан билік жаңа мекеме құруды жоспарлайды. 1920 жылғы 21 қыркүйегінде Ресей кеңестік федеративтік социалистік республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Ағарту халық комиссариатының жанынан Қазан төңкерісі тарихы және Коммунистік партия тарихы жөніндегі материалдарды жинау мен зерттеуге арналған комиссия құрылды.

Бұл бөлім қысқаша «Истпарт» деген атаумен белгілі. 1921 жылдың 1 желтоқсанынан бастап бұл комиссия Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық комитетіне берілді [8]. Оның бөлімшелері губерниялық қалаларда да ашыла бастады. Алғашқылардың бірі болып, 1921 жылдың 24 қарашасында құрылған Семей истпарты қызмет ете бастады. Ал 1924 жылға қарай губерниялық партия тарихы мекемелері Ақмола, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей, Жетісу губернияларында іске қосылды [9].

Дәл осы уақытта Түркістан АКСР-інің құрамына енген Қазақстан аудандары аумағындағы революциялық қозғалыс тарихын Түркістан партия тарихы мекемесі зерттеді [10]. Сондай-ақ аталған мәселені зерттеу ісіне Сібір, Омбы және басқа да шекаралас аймақтардағы осы секілді комиссиялар өз үлестерін қосты.

XX ғасырдың 20-жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарын Ғылым академиясының мекемелері де қарқынды жүргізді. Мұндай ғылыми мекемелердің ішінен қазақтардың саны мен орналасуын зерттеумен айналысатын Ресейдің ұлттық құрылымын зерттеу комиссиясының Түркістан және Сібір бөлімдерін; КСРО ҒА-ның антропологиялық экспедициясының қазақстандық отрядын; Материалдық мәдениет тарихы мемлекеттік академиясын; Шығыс мәдениеті, антропология мен этнография мұражайларын ерекше атауға болады. Бұл кезде, ең ірі бөлімі тарихи-этнографиялық бағытта жұмыс істеген Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметі өсіп, тереңдей түсті. Қоғамтану бағытындағы жұмыстарды партия тарихы мекемелерімен бірге, КазКСР Халық ағарту комиссариатының ғылыми, ағарту және көркемдік саладағы қызметіне басшылық ететін академиялық орталығы да үйлестіріп отырды.

Сөйтіп XX ғасырдың 20-жылдары қазақ өлкесінің тарихын зерттеудің ғылыми және ғылыми-ұйымдық ұстанымдарының негізі салынды.

Зерттеу нысаны болған өзекті тақырыптар: Алғашқы тарихи жұмыстар Қазақстан аумағындағы революциялық проблемаларға, Азамат соғысы тарихына арналды.

Бұл тақырыпқа қалам тартқан сол оқиғалардың басы-қасында болған, өздері қоян-қолтық араласқан партия және кеңес органдарының көрнекті қызметкерлері болды. Олардың қаламынан туған мемуарлық сипаттағы материалдардың объективтілігі мен шынайылығы шек келтірмеуге тиісті.

Бұл авторлардың шығармаларында ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы, әлеуметтік топтардың сол кездегі саяси ахуалға көзқарасын анық көруге болады.

Азғана қазақ интеллигенциясы барикаданың екі жағында болғаны белгілі. Кеңес билігін қолдаған топтың өзі бір бірімен саяси айтысқа түскен еді. Қазақ жерінде орнаған жаңа билік қандай мақсатты орындауы қажет деген сұрақ мазалады оларды.

Ал дәл осы орайдағы мәселені А. Байтұрсынов пен бірқатар Алашорда көсемдері басқаша пайымдады. Мәселен, А. Байтұрсынов өзінің РКФСР Халық Комиссариатының Ұлттар ісі жөніндегі органы «Жизнь национальностей» басылымында жарияланған (1919 жыл, 3 тамыз) «Революция және қазақтар» деген мақаласында: «Қырғыздарға (қазақтарға. - авт.) Ақпан революциясы қандай түсінікті болған болса, оларға Қазан революциясы соншалықты түсініксіз болып көрінді... Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қарсы алған болса, екіншісін сондайлық үрейлі қорқынышпен қарсы алуларына тура келді», [11] – деп жазды. Мұны ол Ақпан революциясы қазақтарды «патша үкіметінің езгісі мен зорлық-зомбылығынан азат етті, – деп түсіндіреді, – және... олардың өздерін дербес басқару жөніндегі қасиетті арманын жүзеге асыруға деген үміттерін орнықтырды.

Ал екінші революцияның қазір түсініксіз болатын себебі қарапайым ғана шындықпен түсіндіріледі: қазақтарда капитализм де, таптық жіктеліс те жоқ тіпті оларда меншіктің өзі де басқа халықтардағыдай айқын анықталмаған, көптеген тұтыну бұйымдары оларда қоғамдық меншік болып саналады».

Бірақ мұндай пікірлер мен көзқарастар марксистік идеологияға сәйкес емес еді. 20-30-жылдар мақалаларының ғылыми деңгейі төмен болатын. Көпшілігі Қазақстанның жекелеген, жергілікті аудандарына немесе Азамат соғысы мен Кеңес өкіметінің және оның Қазақстанда орнығу үрдісінің жекелеген оқиғаларына арналды. Деректер корпусының әлсіздігіне байланысты фактілердің бүкіл жиынтығын есепке алынбай, сол тұста қол жетерлік болған жекелеген деректерге негізделіп жасалған қорытындылар объективтіліктен алыс еді.

Әдебиеттер тізімі

1. История Казахской ССР. В пяти томах. Алма-Ата, 1977, с.480.
2. Бұл да сонда, 479 стр.
3. Байжанов С. Архив-айғақ. Алматы. «Қазақстан» 1988, 57 бет 4.
4. Ахметова М. Народные композиторы Советского Казахстана. В кн. Композиторы Казахстана. Алма-Ата, 1958. с.15.
5. История Казахской ССР. В пяти томах. Алма-Ата, 1977.
6. Бұл да сонда 484 бет.
7. Бұл да сонда 576.
8. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “АрунаLtd.” ЖШС, 2005.
9. Историко-партийная наука в Казахстане. Некоторые проблемы историографии. Алма-Ата, «Қазақстан» 1988, 9 с.
10. Чеботарев В.Г., Раджабов Р.Н. Историко-партийная наука Узбекистана. Ташкент, 1982, с. 10-12.
11. Байтұрсынов А. Революция және қазақтар. \\Жизнь национальностей. 1919 жыл, 3 тамыз.